

Білім алушы тұлғаның қонақ үйде тұруына және тамақтануына арналған шығыстар нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 сәуірдегі N 338 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1333 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1333 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің 100-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған:

1-қосымшаға сәйкес мамандар даярлау Қазақстан Республикасында жүзеге асырылмайтын, өндірістік қызметімен байланысты мамандық бойынша салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмайтын білім алушы қызметкердің және (немесе) жеке тұлғаның қонақ үйде тұруына және тамақтануына, салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатқызылуы тиіс салық төлеуші шығыстарының нормалары ;

2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының шегінде өндірістік қызметпен байланысты мамандық бойынша салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмайтын білім алушы қызметкердің және (немесе) жеке тұлғаның қонақ үйде тұруына және тамақтануына, салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатқызылуы тиіс салық төлеуші шығыстарының нормалары белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 27 сәуірдегі
N 338 қаулысына

1-қосымша

Мамандар даярлау Қазақстан Республикасында жүзеге асырылмайтын, өндірістік қызметімен байланысты мамандық бойынша салық төлеушімен еңбек

қатынастарында тұрмайтын білім алушы қызметкердің және (немесе) жеке тұлғаның қонақ үйде тұруына және тамақтануына арналған, салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатқызылуы тиіс салық төлеуші шығыстарының нормалары

Елдер	Күндік шығыстар (АҚШ долларымен)	
	тамақтану	тұру
1. Америка Құрама Штаттары, Канада, Жапония, Қытай Халық Республикасы, Батыс және Шығыс Еуропа	80 - ге дейін	30 - ға дейін
2. Сингапур, Оңтүстік Малайзия, Израиль, Сауд Аравиясы, Кувейт, Катар, Бахрейн, Бруней, Оман, Кипр, Австралия, Египет, Тайланд, Біріккен Араб Әмірліктері, Оңтүстік Африка Республикасы, Филиппин	70 - ке дейін	25 - ке дейін
3. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері	50 - ге дейін	10 - ға дейін
4. Басқа да елдер	60 - қа дейін	15 - ке дейін

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 27 сәуірдегі
N 338 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының шегінде өндірістік қызметпен байланысты мамандық бойынша салық төлеушімен еңбек қатынастарында тұрмайтын білім алушы қызметкердің және (немесе) жеке тұлғаның қонақ үйде тұруына және тамақтануына арналған, салық салынатын кірісті айқындау кезінде шегерімге жатқызылуы тиіс салық төлеуші шығыстарының нормалары

Оқу орны	Күндік шығыстар (айлық есептік көрсеткіш)	
	тамақтану	тұру
1. Облыс, аудан орталықтары	нақты шығындар бойынша (бірақ 6 АЕК-тен артық емес)	нақты шығындар бойынша (бірақ 4 АЕК-тен артық емес)
2. Астана, Алматы, Атырау қалалары	нақты шығындар бойынша (бірақ 6 АЕК-тен артық емес)	нақты шығындар бойынша (бірақ 5 АЕК-тен артық емес)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК